

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Алматы қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына көшіру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 304 Жарлығы

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Жарлықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және 21-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) 2020 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратын Алматы қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына көшіруді қамтамасыз етсін;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге шараларды қабылдасын.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 50, 640-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты."

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлықтың 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағын қоспағанда, осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. Тоқаев